

**"Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Шахтинск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 9 сәуірдегі XXXIII сессиясының № 1115/33 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2020 жылғы 19 маусымдағы № 1721/39 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 маусымда № 5901 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 276/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 19.09.2023 № 276/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, қалалық мәслихат, ШЕШІМ ЕТТІ :

1. Шахтинск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 9 сәуірдегі XXXIII сессиясының "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3182 тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 19 "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған) № 1115/33 шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген, әлеуметтік көмек көрсету, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін белгілеу және тізімін айқындау қағидаларында:

7 тармақтың 16) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"16) амбулаториялық емделу кезінде, әлеуметтік мәні бар "туберкулез" ауруы бар азаматтар;"

7 тармақтың 17) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"17) операциядан кейінгі емделу кезінде, әлеуметтік мәні бар "қатерлі ісік" ауруы бар азаматтар;"

7 тармақ келесі мазмұнда 18) тармақшасымен толықтырылсын:

"18) адамның иммунитет тапшылығы вирусын (АИВ) тудыратын ауру әлеуметтік мәні бар ауруы бар азаматтар.";

10 тармақтың 5) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"5) адамның иммунитет тапшылығы вирусын (АИВ) тудыратын ауру пайда болған әлеуметтік мәні бар аурудың болуы;"

10 тармақ келесі мазмұнда 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) күнкөріс деңгейінен 0,6 еселік мөлшерден аспайтын жанбасына шаққандағы орташа табыстың болуы."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Шахтинск қалалық мәслихатының хатшысы*

*А. Есмаганбетов*

*Ж. Мамерханова*